



Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 04 қарашадағы № 460-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қарашада № 3346 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 19.12.2019 № 474-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес және аудан әкімдігінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 493 қаулысы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, салық және бюджет саясаты жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы Б. Жүгінісов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
XXXXII сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

А. Габбасов

Р. Сұлтаняев

*Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 4
қарашадағы № 460-V шешіміне қосымша*

Құрманғазы ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері

Ескерту. Қосымша атауы жаңа редакцияда - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 19.12.2019 № 474-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 19.12.2019 № 474-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р/с №	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Бағасы, теңге (ҚҚС*-сыз), айына
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	58
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	94
3	Мектептер, колледждер	1 оқушы	8
4	Интернаттар	1 орын	17
5	Қонақ үйлер	1 орын	29
6	Санаторийлер	1 орын	23
7	Балабақшалар	1 орын	14
8	Байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	21
9	Емханалар	1 келіп кету	3
10	Ауруханалар	1 төсек-орын	51
11	Өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1
12	Концерт залдары	1 отыратын орын	5
13	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м ²	3
14	Қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	29
15	Спорт аландары	жоба бойынша 1 м ²	1
16	Супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	1
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м ²	6
18	Азық-түлік тауарларының көтерме қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	3
19	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м ²	10
20	Автомобильді жуу орындары	1 машина-орын	154
21	Жанар – жағармай станциялары	1 машина-орын	137
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	166
23	Шаштараздар, сән салондары	1 жұмыс орны	94
24	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м ²	16
25	Тұрмыстық қызмет көрсету үйлері: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м ²	17
26	Заңды тұлғалар мен заңды тұлғалар емес жеке кәсіпкерлер үшін ортақ тариф	жалпы алаңы 1 м ³	1 856
		1 контейнер	1 392

Ескерту: *ҚҚС- қосымша құн салығы